

**Аманбек Нурлан 6D073200 – Стандарттау және сертификаттау мамандығы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
«Қызмет сапасын бағалау әдістерін стандарттау» атты диссертациялық
зерттеуіне реєсми рецензенттің жазбаша**

ПІКІРІ

Р/Н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестілігі	Реєсми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестілігі:	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестілігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен каржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атаяу мен нөмірі);</p> <p>2) <u>Диссертация басқа бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атаяу);</u></p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі Жанындағы Жоғары ғылыми- техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың тақырыбы «Азаматтарға арналған үкімет» корпорациясының қызметін жетілдіруге бағытталған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсанда № 827 қаулысымен бекітілген «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы шенберінде дайындалды.</p> <p>Диссертация мемлекеттік бюджетінен каржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалғаны байқалмайды, бірақ жұмыстың маңыздылығы мен мәнін төмендетпейді, өйткені мақсаты мен міндеттері толық орындалған.</p>
	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін косады /коспайды, ал оның маңыздылығы ашылған /ашылмаган	Жұмыс ғылымға елеулі үлес косады және оның маңыздылығы ашылған. Себебі, мемлекеттік қызметтің сапасын бағалауға қажетті қызмет сапасының критерийлері, өлшеу құралдары және индикаторлары анықталып, озық моделдерді қолдана отырып мемлекеттік қызметтің сапасын бағалайтын модель дайындалған, қызмет сапасына жаксарту дәрежесін есептеудің математикалық моделі жасалынған, болашак зерттеулерде қолдануға болатын тұжырымдамалық негізде маңыздылығы анықталған.

3	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; <p>өзі жазбаған;</p>	<p>Автордың өзіндік үлесін мемлекеттік қызмет көрсете саласындағы негізгі ауытқулар санын азайтаудан, сапаны бакылаудың статистикалық әдістерін қолданудан және әзірленген ұйымның қызметін жақсартуға бағытталған математикалық модельден және жарияланған жарияланымдар мен «Тұтынушылардың канагаттану индексін (CSI) анықтау және маңыздылықтиімділікті талдау (IPA) әдісі» бойынша Ұйым стандартының жобасынан сонымен катар, жұмыс нәтижелері бойынша дайындалған әдістемелік нұсқаудан көруге болады. Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері өзара байланысқан, ішкі бірізділік сақталған, ғылыми аппаратымен диссертация мазмұны сәйкестендірілген.</p> <p>Алынған қорытындылар мен ұсыныстары теориялық методологиялық негізге сүйене отырып, сенімді және нақты жазылған.</p>
4	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген 	<p>Диссертацияда алған жұмыстың ғылыми және практикалық нәтижелері ішкі біртұтастықка ие және оларды алға койған мақсатқа яғни, мемлекеттік қызметтің сапасын, қызмет түрінің ерекшелігін және тараптардың талаптарын ескеретін сапа көрсеткіштеріне негізделген кешенді бағалау бойынша әдістеме дайындауға негізделген.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындауды; 2) жартылай айқындауды, 3) айқындаамайды 	<p>Диссертацияның мазмұны жұмыска сәйкес құрастырылған, зерттеудің мақсаты мен міндеттері толық айқындалған.</p>
		<p>4.3 Максаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 	<p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері койылған тақырыбына сәйкес келеді және нақты, логикалық</p>

		2) жартылай сәйкес келсі; 3) сәйкес келмейді	тұжырымдалған.
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыста кіріспе, әдебиеттерге шолу, зерттеу материалдары мен әдістері, зерттеу нәтижелері, нәтижелерді пайдалану бойынша корытынды мен ұсыныстар, пайдаланылған дереккөздер тізімі, 5 қосымша, барлық бөлімдер логикалық тұрғыдан өзара байланысты, бірін-бірі толыктырады және диссертация тақырыбын дәйекті түрде ашады.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (кағидалар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін смес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Диссертацияда ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған, зерттеу нәтижелері дәлелденеді, шетелдік және отандық ғалымдардың қазіргі зерттеулеріне сілтеме жасалған, сыни талдау бар.
5	Фылыми жаңашылдық принципі	5.1 Фылыми нәтижелер мен кағидаттар жаңа болып табыла ма? 1)толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады)	Фылыми нәтижелер мен кағидаттар жаңа болып табылады. Тұтынушылардың ұсынылатын мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін бағалау жүйесін енгізу қызметтерді ұсыну саласындағы қазіргі жағдайды зерделеудің тиімді әдісі болып табылады және қызмет алушылардың өздерінің қажеттіліктері мен үміттерін ескере отырып, осы қызметтерді одан әрі жетілдіру жолдары әзірленген.
		5.2 Диссертацияның корытындылары жаңа болып табылады ма? 1)толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25 % жаңа болып табылады)	Жүргізілген зерттеулерге сәйкес диссертацияда жасалған корытындылар толығымен жаңа болып табылады.

		<p>5.3 Техникалық, технологиялық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Қойылған мақсаттар мен міндеттерге кол жеткізу үшін пайдаланылатын техникалық, технологиялық, экономикалық шешімдер толығымен жаңа және негізделген болып табылады.</p>
6	Негізгі корынтындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан караганда ауқымдыдәлдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Барлық негізгі ұжырымдар эксперименттік жұмысты талдау кезінде алынған зерттеулердің нәтижелерінен туындейды, ғылыми негізделген, шетелдік және отандық әдебиет көздерінесілтеме жасай отырып дәлелдемелерде негізделген.</p>
7	Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұраптарға жауап беру кажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамендәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривналды ма?</p> <p>1) ия; 2) жок.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия? 2) жок</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген 6е?</p> <p>1) ия; 2) жок</p>	<p>Корғауға шығарылатын нәтижелер.</p> <p>7.1. Мемлекеттік қызметтердің сапасын кешенді бағалау әдістемесін дайындау эксперименталды турде дәлелденген. Нәтижелерді растайтын жарияланымдар бар.</p> <p>7.2 Қағидат дәлелденген, тривиальды емес, қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.3 Қызмет сапасын бағалау моделі әдістемесін эксперименттік қолдану және мемлекеттік қызметтегі негізгі тәуекелдерді анықтау жаңа болып табылады және практикалық маңызы зор.</p> <p>7.4 Құрасытырлған мемлекеттік қызмет сапасын бағалау моделі осы саладағы субъектілер мен объектілерді жіктеп және мемлекеттің ролін көрсету арқылы сапаға әсер ететін факторларды анықтауға сол арқылы халыққа қызмет көрсету орталығының жұмысын арттыруға мүмкіндік береді және қолдану деңгейін кеңейтеді.</p> <p>7.5 Диссертациялық жұмыстың негізгі ғылыми нәтижелері 8 ғылыми еңбекте, оның ішінде 1 - SCOPUS деректер базасына кіретін журналда,</p>

			процентильмен, 3 - Қазақстан Республикасы Білім және жоғары білім министрлігінің ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 4 - Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында жарияланған.
8	Дәйектілік принципі. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің тандауын негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жок	Зерттеу әдіснамасын тандау негізделген және диссертацияның тиісті бөлімінде толықтай сипатталған. Диссертациялық жұмыста зерттеудің заманауи әдістері мен зерттеудің жалпы қабылданған әдістері колданылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды колдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жок	Зерттеу жүргізу нәтижелері халыққа қызмет көрсету қызметін және қызмет сапасын бағалау үшін тіркеу әдісі, Парето және Исиока диаграммалары мен IDEF0 стандарты бойынша дайындалған. Қызмет сапасын бағалау мақсатында әлеуметтік саяулама әдісі, тұтынушылардың канагаттану индексі (CSI) әдісімен маңыздылық пен тимімділікті талдау әдістері, GAP моделі немесе үзілістерді талдау, CSI моделі немесе клиенттердің канагаттану индексі және EPSI модельдері қолданылған. Сонымен катар, байланыс матриасы мен SWOT-талдау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.
		8.3 Теориялық корытындылар, модельдер. анықталған өзара байланыстар және жандылықтар зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент	Диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер тәжірибемен тікелей ұштастырылған. Теориялық зерттеу нәтижесінде, көрсетілетін қызметтер сапасының көрсеткіштеріне және барлық мүдделі тараптардың канагаттануына әсер ететін мемлекеттік қызметтер сапасын кешенді бағалау жөніндегі әдістемені жетілдіруге қатысты теориялық

		негізінде дәлелденеді): 1) иЯ; 2) жок	тұжырымдар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған.
		8.4 Манызды мәлімдемелер накты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ішінара расталған/расталмаган	Докторант зерттеу процесінде пайдаланған материалдарға диссертацияда өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталады. Зерттеудің нәтижелері әдеби дереккөздерге сілтеме жасай отырып, ғылыми талқылауға ие.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті/жеткіліксіз	Диссертациялық жұмыс жазу барысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі – 224.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) иЯ; 2) жок	Жұмыстың теориялық маңыздылығы тұтынушыларды канагаттандыру үшін қызмет көрсету сапасын бағалау әдістері мен тәсілдерін жетілдіру кажеттігінде.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада колдану мүмкіндігі жоғары: 1) иЯ; 2) жок	Докторант халықка қызмет көрсету орталығындағы қызмет көрсету үрдісі барысында ақаулар мен себептерге жүйелі талдау жүргізіліп, ақаулардың алдын алып, көрсетілетін қызметтің сапасын жақсарту жолында жасаған жұмыстардың нәтижесін өткен жылдармен салыстырғанда ақаулар саны азайғанды көрінеді. Сонымен қатар, Зерттеу нәтижелері енгізу актілерімен, үйым стандарты және әдістемелік нұсқау жобаларымен дәлелденген.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады)	Зерттеу нәтижесінде практикалық ұсыныстар келтірілген: - Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және сапасын арттыру үшін Парето және Иsicava диаграммаларын пайдалану; - Қызмет көрсету орталығы мамандарынан күралған сарапшы топтық қатысумен

			<p>иерархиялық талдау жүргізу;</p> <ul style="list-style-type: none"> - Ұйым стандарты негізінде халыққа қызмет көрсету орталығында қызметтің сапасын бағалау мақсатында маңыздылық пен тиімділікті талдау және тұтынушылардың қанағаттандыру индексін анықтау; - Халыққа қызмет көрсету орталығының стратегиялық жоспарын дайындау барысында SWOT-талдау мен тәуекелдерді басқару картасын құру ұсынылған.
10	Жазу және рәсімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен 	<p>Диссертация авторының еңбегінде аталған еңбекке ұксас сипатта жазылған басқа автордың еңбектеріне сілтемесіз пайдалану жағдайлары байқалмайды. Диссертация жазу барысында академиялық адалдықсақталған.</p>

Ресми рецензенттің шешімі – Аманбек Нурланның «Қызмет сапасын бағалау әдістерін стандарттау» тақырыбындағы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясының ғылыми және тәжірибелік маңыздылығы жоғары. Диссертация талаптарға сәйкес рәсімделген, ал жұмыс авторы 6D073200 - «Стандарттау және сертификаттау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

т.ғ.д., «Стандарттау, метрология және сертификаттау»
кафедрасының доценті,
«Қазак агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ

Д.Куре

Д.Б.Курмангалиева

